




БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

Ақтөбе қаласы

город Актюбе

27.04.2017 № 98/Н/К



«Хромтау аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің №1 «Күншуақ» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына бақылаудың өзге де нысанын жүргізу туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 59-бабы 4-тармағына, «Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі» Қазақстан Республикасы Кодексінің 137-бабы 3-тармағының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы №1270 Қаулысымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау ережесіне» және Ақтөбе облысының Білім саласындағы бақылау департаментінің білім беру мекемелерін аттестаттау кестесіне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2017 жылғы 1-3 ақпан аралығында Хромтау ауданы, Хромтау қаласында орналасқан «Хромтау аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің №1 «Күншуақ» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына мемлекеттік аттестаттау жүргізу арқылы Қазақстан Республикасындағы білім беру заңнамалары талаптарының сәйкестігіне қорытынды беру мақсатында бақылаудың өзге де нысанын жүргізу үшін комиссия төмендегі құрамда бекітілсін:

- 1) Ізбасар Асхат Ізбасарұлы – білім сапасын сырттай бағалау бөлімінің бас маманы, комиссия төрағасы;
- 2) Муратова Гулнар Есентемировна – Ақтөбе қаласы, «Ертөстік» мектепке дейінгі ұйымының меңгерушісі;
- 3) Аккаирова Айнура Амантурлиевна – Ақтөбе қаласы, «Томирис» мектепке дейінгі ұйымының меңгерушісі;
- 4) Мадиярова Жайнар Умиргалиевна – Ақтөбе қаласы, №36 «Балақай» мектепке дейінгі ұйымының әдіскері;
- 5) Раева Айман Баймурзиновна – Хромтау аудандық білім бөлімінің әдіскері.

Бұл құжаттың көшірмесі мемлекеттік бақылау департаментінің сайтына жарияланады. Жарияланған күнінен бастап күрделі заңдылықтардың өзгерістері енгізілген жағдайда бұл құжаттың актуалдылығы жоқ.

002603

2. «Хромтау аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№1 «Күншуақ» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына бақылаудың өзге де нысанын жүргізу қорытындысы педагогикалық кеңесте хабарлансын.
 3. Комиссия төрағасы бақылаудың өзге де нысанын жүргізу қорытындысын Департаментке ұсынсын.
 4. Әкімшілік және қаржы жұмыстары бөлімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіп бойынша білім сапасын сырттай бағалау бөлімінің бас маманы **А.Ізбасарға** және бақылаудың өзге де нысанын жүргізуге тартылған мамандарға 2017 жылғы 1-3 ақпан аралығына (жолда жүрген уақытты есептегенде) іссапар шығыстарын төлесін.
 5. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.
 6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.
- Негіздеме:** «Хромтау аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№1 «Күншуақ» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының 2017 жылғы 25 қаңтардағы №10 өтініші.

Департамент басшысының м.а.



Ж.Кайшыгулова

«Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігінің
Білім және ғылым саласындағы
бақылау комитеті Ақтөбе
облысының білім саласындағы
бақылау департаменті АТМ
КӨШІРМЕ РАСТАЛАДЫ